

ОӘК: 159.923.37

Акманова Галия Рахметолиновна

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

Акжалов Бейсенбек Токтарбекович

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

Кундакова Алтынбиби Болаткалиевна

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

Дакина Гулайм Токеновна

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

e-mail: mymail_64@inbox.ru

ТҰЛҒАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ СФЕРАСЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада эмоцияның әлеуметтік – психологиялық зерттеулері қарастырылған. Теориялық және эмпирикалық зерттеулерге сүйене отырып, адамның эмоционалдық күйін зерттеудің негізгі әдістері көрсетілген.

Өз кезегінде көптеген әлеуметтік – психологиялық феноменнің эмоционалдық компоненті бар. Сезімді эмоцияның саналы қобалжуы және эмоционалдық реттеуі ретінде негізгі компонентіне жатқызады. Зерттеушілер эмоцияны тұлғалық күй ретінде ажыратады. Қобалжу негізіндегі эмоциялар эмоционалдық эпизодтар деп аталады. Эмоцияны зерттемей әлеуметтік – психологиялық зерттеулер толық болмайтындығы туралы айтылған.

Эмоционалдық құбылыстарды әлеуметтік – психологиялық тұрғыда зерттеудің түйіндік мәселелері талданған. Психологиямен әлеуметтік психологиядағы эмоционалдық аймақты зерттеудің негізгі бағыттары қарастырылған. Эмоциямен сезімнің әртүрлігі тұлғалық қасиеттермен, тұлға бағыттылығымен, мотивтерімен, талпыныстарымен, жеке психикалық қасиеттерімен анықталады. Тұлғаның эмоционалдық дамуы психологиядағы өзекті және аз зерттелген мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта тұлғаның эмоционалдық аймағын дамытудың тұтас тұжырымдамасы жоқ деген тұжырым айтылған.

Мақала психологиядағы тұлғаның эмоционалдық аймағын зерттеуге арналған. Тұлғаны адам ретінде түсінудің қажеттілігі ұсынылады.

Түйін сөздер: тұлға, эмоция, эмоционалдық күй, қобалжу, сезім, қорқыныш, мазасыздану, стресс, аффект, психика

В данной статье рассмотрены социально – психологические исследование эмоций. Опираясь на данные теоретические и эмпирические исследования выделены основные методы исследования эмоционального состояния личности.

В свою очередь многие социально – психологические феномены содержат эмоциональный компонент. К основным компонентам эмоции относят чувство как осознанное переживание эмоции и эмоциональную регуляцию. Исследователи различают эмоцию как состояние и эмоцию как личностную черту. Некоторые эмоции охватывающие ряд переживаний, называются эмоциональными эпизодами. Без изучения эмоций социально – психологическое исследование будет неполным.

Обсуждаются ключевые вопросы социально – психологического изучения эмоциональных явлений. Рассматриваются основные направления изучения эмоциональной сферы в психологии и социальной психологии. Своеобразие эмоций и чувств определяется личностными свойствами, направленностью личности, ее мотивами, стремлениями, намерениями, индивидуальными психическими свойствами. Проблема эмоционального развития личности является в психологии одной из самых сложных и малоизученных. В настоящее время не существует целостной концепции развития эмоциональной сферы личности.

Статья посвящена изучению проблем личности и эмоциональной сферы в психологии. Предлагается понимание личности как человека, которые трудно объяснить без этого понятия.

Ключевые слова: личность, эмоция, эмоциональное состояние, переживание, чувство, страх, беспокойство, стресс, аффект, психика

In the emotional sphere between the people especially bright individual distinctions are found, in this article foreign socially psychological researches of emotions are considered. Relying on these theoretical and empirical researches the main problems of research of an emotional condition of the personality are allocated. In turn many socially psychological phenomena contain an emotional content. To the main components of emotion refer feeling as conscious experience of emotion and emotional regulation. Researches distinguish emotion as a state and emotion as a personal line. Some emotions covering a number of experiences, is called as emotional episodes. Without studying of the emotional sphere in psychology and social psychology are considered.

Key questions of socially psychological studying of the emotional phenomena are discussed. The originality of emotions and feelings is defined by personal properties an orientation of the personality her motives, aspirations, intentions, individual mental properties. The problem of emotional development of the personality is in psychology is one of the most difficult and low studied. Now there is no complete concept of development of the emotional sphere of the personality.

Keywords: *personality, emotions, emotional gate, experience, sense, fear, anxiety, stress, affect, psyche*

Қазіргі кезеңде психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі - жеке тұлға болып саналады. Өйткені, қоғамымыздың әлеуметтік дамуы белсенді тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңғырту кезінде, жастардың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасуы үрдісі үлкен ықпал тигізетіні сөзсіз. Тұлға – бұл қоғамдық тарихи дамудың жемісі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар деуге болады. Тұлғаның қалыптасуы адам сипаттамасы үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез- құлық пен іс - әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның шындыққа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Соның негізінде адамның кез-келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған ерекшеліктерімен анықталады. Л.С.Выготский эмоциялардың теориялық мәселелерін өз зерттеулері арқылы қарастырған. Оның көзқарасы бойынша эмоциялар ағзаны белсенділікке ынталандырып, оның қоршаған ортамен өзара қатынасын реттейді.[1]

Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады. Эмоция мен сезім жеке үрдістер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше және адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты.

«Эмоция» түсінігі - ол жан - дүниенің қозғалысын, жан-дүниенің қобалжуын білдіреді. Адамның эмоциялары оның мінез құлқында ерекше роль атқарады. Эмоциялардың атқаратын қызметтері төмендегідей:

Эмоцияның жағымсыз бағалау рөлі - оқиғаға адамның түрлі әсерінің болу мүмкіндігін білдіреді. Эмоцияның басқарушы рөлі - адамды қоршаған шындықты және қандай да бір оқиғаға қатынасын бейнелеуден басқа,

адамның мінез - құлқын басқаруда эмоция маңызды роль атқарады.

Тұлғаның эмоционалды сферасының зерттелуі психологиялық - педагогикалық тұрғыда аса маңызды деп айта аламыз. Себебі оқу - тәрбие арқылы тұлға білім, іскерлік, дағдыны меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар, айналадағы шындыққа, адамдарға деген эмоционалды қатынастарды қалыптастыру мүмкіндігі туады.

В.К.Виллюнас эмоционалды құбылыс бейнелеуші мазмұннан және эмоционалды күйзелістен тұрады деп санады және эмоцияларды жеке психикалық үрдістер ретінде емес, тұлғаның қызметінің көрінісі ретінде қарастырды.[2]

Ал, Э.Клапаред эмоция мен сезім жеке процестер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше деген көзқараста болды.[3] Уотсон «эмоция дегеніміз - дененің арнайы тітіркендіргіштерге реакциясы» деп анықтама берсе, Джеймс физикалық реакция эмоциядан, әсіресе қорқыныш, ашу, қайғы және махаббат сияқты эмоциялардан бұрын болады. Осы болып жатқан өзгерісті сеземіз және эмоция деп осыны айтамыз деген қорытынды жасайды. [4. 253,163 б]

Сондай - ақ, З.Фрейд бірқалыпты дамыған бала мен жүйке ауруына ұшыраған баланың эмоцияларын ересек адамдардың өмір жағдайымен салыстыра отырып зерттеуге назар аударды.[5] Көп жағдайда эмоция және сезім - өзара байланыста қолданылады. Сезім - тұлға қасиеті, ал эмоция сезімнің көріну үрдісі ретінде қарастырылады. Сезімнің негізгі көзі адамның іс - әрекеттері. Адамның сезімдері бағыты, тереңдігі, тұрақтылығы және әсерлілігі жағынан әртүрлі болып келетіндігі белгілі. Эмоция қалпындағы сезімдерді бастан кешіру азды - көпті байқалатын сыртқы көріністермен (бет - әлпет кейпі, ым - ишара т.б) қатар жүреді. Сезімдер адамның тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты сан алуан формаларда көрінеді. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттіліктеріне сәйкес келу-келмеуіне байланысты пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім деп атаймыз. Сезімдерге қатысты Вундтың үш

өлшемді сезімдер теориясын дамытқаны белгілі. [4.96 б]

З.Фрейдті ойландырған мәселе адамның өз басынан кешіретін эмоциялық күйлік көріністері. Әсіресе ол адамның ашу үстінде өз психикасы мен санасын басқара алмауы, эмоциялық толқу үстінде адамның өзі істеген істеріне есеп бермейтіндігі не себептерге байланысты деген мәселелерге ерекше назар аударуына себепкер болды және психологияға «мазасыздық» түсінігін енгізді. [5] З.Фрейд бойынша «қорқыныш - бұл аффект күйі, - яғни нақты бір жағдайларға байланысты қанағаттану және қанағаттанбаушылықты сезіну».

Сондай - ақ, Р.Ф.Овчарова қорқынышты адам санасында оның өміріне нақты бір қауіптің эффективті бейнеленуі (эмоционалды өткірлік) ретінде қарастырады.[6] Қорқыныш өзін - өзі сақтау инстинктіне негізделген, жоғары жүйке жүйесінің нақты физиологиялық өзгерістері және қорғаныс рефлекстерімен сипатталады.

Әдетте қорқыныш қысқа мерзімді, қайтымды болады, адамдардың мінезіне, тәртібіне және қоршаған ортадағы адамдармен әрекеттестігіне әсер етпейді. Қорқыныш - бұл интенсивті түрде көрінетін эмоция, оны қарапайым, шынайы, жас ерекшелік сипаты бойынша және ауытқушылық деңгейіне байланысты ажыратуға болады.

Қорқыныш - бала өміріне және сәттіліктеріне төніп тұрған қауіптің мидағы бейнесі. Мазасыздық - қорқынышты эмоционалды түрде сезіну. Мазасыздық - күй ретінде қолайсыздықты сезу. Осы арқылы мінез - құлықтың кері формаларында мыналар жатыр деген пікір айтуға болады: мазасыздандудың көрінуі ретінде қарастырылуы, эмоционалды күйзелу, тынышсыздық, қолайсыздық және өзіне сенімсіздік.

А.Н.Леонтьев:«мотивтер сезілмеген уақытта да, олар өздерінің психикалық бейнеленуін ерекше формада - әрекеттің эмоционалды бояуы формасында табады» деген пікір айтады. [7] Аффект және эмоциялар өзінің ситуативтілігімен ерекшеленеді. А.Н. Леонтьев аффектілерді әрекет соңында пайда болып, әрі жағдайдың жалпы бағасын береді де, ал эмоциялар болған немесе мүмкін болатын жағдайға бағалау және жеке қатынасты бейнелейді деп түсіндіреді.

Мазасыздану дегеніміз - қиындық жағдайындағы әлеуметтік қажеттіліктер фрустрациясын бастан кешіру болып табылады. Мазасыздандуды бас миының

қызмет етуімен байланыстыру негізінде мазасыздандуды анықтауда психофизиологиялық бағалау әдісін қолдануға болады. Мазасыздану басынан-ақ жеке адамның жағымсыз сипаты болып саналмайды. Мазасыздық адамда қозуды бәсеңдетуге мүмкіндік бермейтін, аяқталмаған ситуациялардың, шектелген белсенділіктің болуы салдарынан пайда болады. Осыған байланысты, мазасыздық индивидтің санасында сәтсіздікті, қауіпті болжаумен, немесе белгісіздік жағдайында адам үшін маңызды, ауқымды нәрсені күтумен байланысты өте күшті ішкі азапқа салатын мазмұнсыз мазасыздану деп түсінілетін эмоциялық ахуал болып табылады.

Қажеттіліктердің орындалуына кедергілер туғанда адам ашу - ызаны, мазасыздықты бастан кешіреді. Бұл фрустрация арқылы түсіндіріледі. Қоршаған әлеуметтік ортамен күнделікті қарым - қатынасқа түсу барысында адамдар бір - біріне әр түрлі ықпал етіп, әсерлер алады.

Жүйкелік - психикалық эмоционалды қозу - стресс деп аталады. Стресске ұшырамайтын адам жоқ және одан қорғану мүмкін емес. Сондықтан адамның қалыпты психикалық дамуы үшін стресстің ықпал ету деңгейі бар. Стресс ол эмоция және жағымсыз эмоция есебінен пайда болатын күй. Стрессті мазасызданумен теңестіруге болмайды, өйткені стресс нақты мазасыздандудың жоқ кезінде көріне алады. Егер стресс - бұл жүйке жүйесінің шамадан тыс қысымы болса, онда қобалжуға мұндай қысым күші тән емес. Стресс жағдайындағы үрейдің болуы қауіп немесе жағымсыздықты күтумен, оны алдын-ала сезумен байланысты деп санауға болады.

Эмоционалды стресс - бұл қақтығысты өмір жағдайларында, адамның әлеуметтік және биологиялық қажеттіліктерін қанағаттануын ұзақ уақыт шектейтін, айқын көрінетін психоэмоциялық бастан кешулері.[8] Эмоционалды стресс салдарынан туындайтын ағзадағы өзгерістер өте көп. Әр адамда оған қарсы тура алушылық та әр түрлі. Қазіргі өмірде неше түрлі жағымсыз жағдайлар көптеп кездесіп тұрады. Эмоционалды стресс адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық механизмдерінің бұзылуы жайлы белгілер береді.

Осыған байланысты бүгінгі таңда адамның жағдайын, қасиеттерін, психикалық үрдістерінің дамуын бағалауға мүмкіндік беретін психодиагностиканың көптеген

әдістері өңделіп, тәжірибеде тиімді қолданылуда. Олардың ішінде, зерттеу (ғылыми) және психодиагностикалық меншікті (тәжірибелік) әдістер бар екендігін нақтыладық.

Жеке-дара айырмашылықтарды өлшеу үшін және сыналушыларды қобалжумен мазасыздану күшіне қарай бөлу үшін, Гейлор мазасызданудың байқалу шкаласын (МА8) жасады.[9] Жеңіл және күрделі тапсырмалар нәтижелерін салыстыру үшін, сенсомоторлы, вербалды тапсырмалар және проблемаларды шешу тапсырмаларын қолдануы. Мысалы, жұптар ассоциациясы әдістемесі. Дэвидсон, Эндрюсон, Росс деген ғалымдар жетістіктерді төмендету әдістемесі көмегімен жоғары дәрежелі мазасыз адамдар сәтсіздік жайлы хабарға эмоционалды тік реакция білдіретіндігін. Қобалжу ситуацияға да қатты байланысты, бұл қорытындыны негіздеу үшін, тексеру сынағы типіндегі ситуацияларды суреттейтін сауалнамалар жасалынды.

С.Д.Спилбергер «Мазасыздану күйі және қасиеті» деп аталатын 20 пікірден тұратын сауалнаманы жасады.[10] С.Д.Спилбергер бойынша «мазасыздану жеке адам сипаты ретінде мотивті және жүре қалыптасқан мінез-құлықтық диспозицияны білдіреді». Мэндер мен Саросзон (1952) мазасыздануды емтихандар ситуациясымен ғана зерттеумен шектелді. Олардың пікірінше, мазасыздану күшті ішкі тітіркендіргішке реакция болып табылады. Олар 37 пікірден тұратын «Тестілік мазасызданудың сауалнамасы» деген әдістемені жасады.

Ситуативті мазасыздану деңгейін төмендету үшін, ғалымдар музыкалық қозғалыс әдісін ұсынды. Бұл әдістеме бойынша, классикалық және халықтық музыкаларда қозғалысты понтомимикалық түрде қайта жаңғырту қажеттілігі ұсынылады. Сондай - ақ, С.Д.Спилбергердің жекелік және ситуативті мазасыздануға арналған сынағы, К.Изардтың эмоцияны жіктеу әдістемесін атауға болады.

Қазіргі уақытта жеке адамды зерттеуде оқиғалы биографиялық көзқарас кең тараған. Бұл көзқарас жеке адам өмірінің ерекшелігін, оның нақты биографиялық ерекшеліктерін ерекше көрсетуге бағытталған. Оқиғаларды бастан кешіру тәсілі жеке адамның психологиялық тағдырын анықтайтын болады. Бұл бағытта жұмыс жасағандар Б.Г.Ананьев, оның әріптестері және шәкірттері болды. Олар жеке адамды өмірлік жолдың субъектісі ретінде қарау тәсілін жасады. [11]

Іс-әрекет нәтижелерінің талдауы арқылы өткізілетін психодиагностикалық әдістерінің бір - контент - талдау болып есептеледі. Бұл жерде алдын - ала белгіленген сызба бойынша сыналушының жазбаша жұмыстары, шығармалары, хаттары, мағыналы талдауға түседі. Контент - талдаудың міндеті - адамның жазбаша шығармашылығы арқылы психологиялық мінездемесін анықтау және оған баға беру. Жазбаша жұмыстардың сұрыпталу әрекеттері материалдағы кейбір элементтердің жиі кездесетіндігінде, кейін олардың жиілігі есептеліп, психологиялық қорытынды жасалады. Қазіргі кезеңде контент - талдау аудио-бейне талдауда кеңінен қолданылады.

Эмоцияны бет әлпет экспрессиясы бойынша тануды анықтау үшін әдістеме құрастыруға алғашқы қадам жасаған Э.Боринг, Э.Тиченер болды.

Осы әдістің негізіне ерікті графикалық ассоциацияланған - пиктограмма әдісі жатады. Пиктограмма өзінің сыртқы сипаттамасы бойынша экспрессивті күй бейнесіне жақын (пиктограмма-бұл экспрессия бейнесі), және пиктограмма кенеттен іске қосылады және қалыптасады. Экспериментте сыналушыға сөздер тізбегі көрсетіледі маңызын және мағынасын олар графикалық түрде бейнелеуі тиіс: ыза, қорқыныш, жек көру, тандану, қуаныш. Сөздер арасы 10 секунд интервалмен оқылады. Мысалы: «қуаныш» сөзіне күн бейнеленеді. Графикалық фиксация әдісінің өзіндік артықшылықтары бар, адам сөзбен жеткізуге қиындық туғызатын нәрселерді бейнелей алады. Сонымен қатар пиктограмманың кемшілігі тапсырманы табысты орындалуы адамның көркемдік қабілетіне көп жағдайда байланысты.

Осы орайда, психологияда эмоционалды күйді анықтауда қолданылатын психодиагностикалық әдістерді пайдаланудың өзіндік ерекшеліктерімен белгілі бір талаптар жүйесі бар екендігін көрсетуге болады. Бұл аталған әдістердің зерттеу әрекетінің қатаң жұмыс тәртібімен (ережеге қатаң ұстану, ынталандыру материалын ұсынудың анықталған тәсілдері, сыналушының әрекетіне зерттеушінің килікпеуі); үлгімен (нәтижелерді бағалаудың өлшемдері мен басқа белгілер), сенімділік және валидтілікпен сипатталуының көрінісі болып табылады.

Соныменен тұлғаның эмоционалды сферасының дамуын зерттеу субъектінің іс - әрекетінің мазмұны мен құрылымына,

қоршаған адамдармен қарым - қатынасының сипатына, мінез - құлық ережелерін меңгеруіне байланысты деген тұжырым жасауымызға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Учение об эмоциях // Собрание сочинений. Т. 4. М., 1984. -С. 90-318.
2. Виллюнас В.К. Целепобуждающая функция эмоций. В кн.: Психологические исследования. - М.: Изд-во Моск. ун-та. - 1973. - Вып. 4. - С. 47-49.
3. Клапаред Э. Чувства и эмоции // Психология эмоций. Тексты. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. - С. 93
4. Шульц, Д.П. Қазіргі психология тарихы /Д.П. Шульц, С.Э. Шульц.- 11- басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 448 б.
5. Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции. - М., Наука, 1989. - 450 с.
6. Овчарова Р.В. «Справочная книга школьного психолога» М.: «Просвещение», «Учебная литература», 1996 г.
7. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоции. М.: МГУ, 1971. 38 с
8. Селье Г. Стресс без дистресса. - М., 1982.
9. Тэйлор Д. Психологические тесты и упражнения для детей. Психологический практикум. -М., 2003.
10. Спилбергер Ч., Жуковская Н. С., Карандашев В. Н., Лебедева М. С. Изучение оценочной тревожности. — СПб., 2004.
11. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды (Под рук. А.А.Бодалева и др.) В 2-х тг. - М, 1980, т. I - 232 е., т. II - 288 с.
12. Дакина Г.Т., Джумажанова Г.К. Тұлғаның эмоционалдық аймағын зерттеу мәселелері. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің «Хабаршы» журналы №2 (49) 2014, 70-80 бет.

Акманова Галия Рахметолиновна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: Индекс 071400, Семей қ., Физкультура көшесі 9

Ұялы тел: 87777422212

Акжалов Бейсенбек Токтарбекович

Лауазымы: педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: Индекс 071400, Семей қ., Галетто көшесі 25

Ұялы тел: 87477912360

Қундакова Алтынбиби Болаткалиевна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті

Пошталық мекен-жайы: Индекс 071400, Семей қ., Халық көшесі 14

Ұялы тел: 87052212083

Дакина Гулайм Токеновна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: Индекс 071400, Семей қ., Шмидт көшесі 44

Ұялы тел: 87472002388

Тұлғаның эмоционалды сферасын зерттеу әдістері

Акманова Галия Рахметолиновна

Должность: кандидат педагогических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: Индекс 071400 г. Семей, ул. Физкультурная 9

Сот.телефон 87777422212

Акжалов Бейсенбек Токтарбекович

Должность: кандидат педагогических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: Индекс 071400 г. Семей, ул. Галетто 25

Сот.телефон 87477912360

Қундакова Алтынбиби Болаткалиевна

Должность: кандидат педагогических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: Индекс 071400 г. Семей, ул. Народная 14

Сот.телефон 87052212083

Дакина Гулайм Токеновна

Должность: магистр педагогических наук, старший преподаватель, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: Индекс 071400 г. Семей, ул. Шмидта 44

Сот.телефон 87472002388

Методы исследования эмоциональной сферы личности

Akmanova Galiya Rakhmetolina

Position: Candidate of pedagogical Sciences, Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey city

Postal address: Code 071400 Semey, St. Fizkulturnaya 9

cells. ph: 87777422212

Akzhalov Beisenbek Tokhtarbekovich

Position: candidate of pedagogical Sciences, Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey city

Postal address: Code 071400 Semey, 25 Galletto street

cells. ph: 87477912360

Kundakova Altynbibi Bolatkalievna

Position: candidate of pedagogical Sciences, Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey city

Postal address: Code 071400 Semey, 14 Narodnaya str.

cells. ph: 87052212083

Dakina Gulaym Tokenovna

Position: Master of pedagogical Sciences, senior lecturer, Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey city

Postal address: code 071400 Semey, 44 Schmidt street

cells. ph: 87472002388

Methods of research of the emotional sphere of personality